



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 33/729  
20 августа 2021 года

# Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

## СТАВЬТЕ ПЕРЕД СОБОЙ ЗАДАЧУ – ПОЛНОСТЬЮ БЛАГОУСТРОИТЬ ПРИОЗЕРСК

Аким города Приозерск Сапар Сатаев провел инспекционный обход по объектам предпринимательства. В ходе обхода аким сделал замечания по санитарному и эстетическому виду прилегающих территорий к объектам. На месте были даны поручения руководителю отдела предпринимательства и советнику акима по благоустройству и озеленению города, взять на контроль работы по санитарной очистке прилегающих территорий объектов и провести разъяснительные работы с владельцами предприятий.

В ходе инспектирования внутримышечных территорий и центральной улицы города Сапар Сатаев обратил особое внимание на обеспечение их чистоты, своевременный вывоз мусора из баков, недопустимость оставления строительного мусора гражданами. Руководителю отдела ЖКХ и Начальнику МПС было поручено усилить работы по организации рейдовых мероприятий и выявлению нарушителей по статье 505 КОАП РК «Нарушение правил благоустройства города...».



13 августа, в рамках общественного контроля Советником акима по вопросам лиц с ограниченными возможностями и членами комиссии городского совета по делам инвалидов, была проведена информационно-разъяснительная работа по адаптации объектов, по созданию безбарьерной среды социальной инфраструктуры для лиц с ограниченными возможностями в магазинах «Адал» по ул. Дружба Народов-4/2, «Дана» на Центральном рынке, магазин «Жулдыз» по ул. Достык-21, принадлежащих индивидуальному предпринимателю С. Абдигалипову, магазин «Чер&ИКА» (ИП Черкашина М.Е.) ул. Б. Момышулы, 12/2., магазин «Болашак» (ИП Ибраметова Л.Е.) по бульвару Женис, 34, магазин «Анастасия» (ИП Григорьева И.А.), магазин «Тюльпан» (ИП Баймусаева А.Д.) по бульвару Женис, 34. Данным ИП будут предоставлены материалы, носящие рекомендательный характер в качестве основы для осуществления мер по совершенствованию обеспечивающих процессов, необходимых для обеспечения доступности услуг для лиц с ограниченными возможностями.

Информируем заинтересованных лиц, индивидуальных предпринимателей города о том, что ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск», совместно с Советником акима по вопросам лиц с ограниченными возможностями и членами комиссии городского совета по делам инвалидов в рамках общественного контроля, на постоянной основе проводит обход государственных учреждений и городских магазинов в целях контроля за качеством оказываемых услуг.



ния государственных услуг.

В плановом порядке акимом был проведен инспекционный обход детских игровых площадок города. При обходе акима сопровождали руководители структурных подразделений. Цель обхода - оценка качественного состояния площадок, в том числе по результатам ремонта на основании обращения жителей города.

Руководителю отдела физической культуры и спорта было поручено до конца года привести все игровые площадки в надлежащий вид.

«Ежедневно получаю большое количество сообщений и жалоб на качество детских

площадок. Необходимо провести полную инвентаризацию всех дворовых площадок города. Непригодные к использованию убрать, там где можно отремонтировать, необходимо сделать ремонт, чтобы максимально исключить риски травмирования детей. До конца года привести все детские игровые площадки в надлежащий вид!» - сказал Сапар Сатаев.

В августе месяце в городе начала работать система капельного орошения. В 2021 году установить систему орошения планируют на центральных улицах города. Работа в этом направлении будет продолжена.

Этот метод, по словам озеленителей, имеет много преимуществ и в итоге экономит



мичнее и эффективнее традиционного способа полива.

На сегодня разрабатывают План комплексного благоустройства, в который вошли все работы по озеленению и улучшению городских территорий. Основной фактор благоустройства города - высадка зеленых насаждений. Именно они помогают создать единый и гармоничный ландшафт территории, улучшают экологическую ситуацию в городе и просто украшают улицы. Новая система полива зеленых наса-

ждений капельное орошение поможет нам при озеленении территории. Такие технологии помогут поливать насаждения и следить за



тем, чтобы они не пересыхали без должного ухода и при этом экономить воду.



Мы должны пустить все силы на сохранение тех насаждений, которые уже имеются и обогатить их новыми декоративными культурами, а также благоустроить территории там, где сегодня наблюдается дефицит зеленых насаждений.

«Уважаемые земляки! Призываю вас принять активное участие в благоустройстве нашего города.» - аким

государственных учреждений и городских магазинов в целях контроля за качеством оказываемых услуг.

### Пресс-служба информирует

города Сапар Сатаев.

Аким города Приозерск ознакомился с ходом работ по подготовке к открытию канализационно-очистного сооружения. На сегодняшний день подрядной организацией ТОО «Кочевник» проводятся работы по благоустройству и асфальтированию территории КОС. Также будут проведены работы по установке оборудования связи и ТБ. Планируемый срок завершения работ октябрь - ноябрь текущего года.

«Никогда не было в Приозерске очистных сооружений такого масштаба. На сегодняшний день все стоки собираются в открытом пруду за пределами города. Мы решили эту проблему закрыть. Видим 80% готовности объекта. В ближайшее время начнутся пусконаладочные работы. Сколько займет вывод на режим, сложно сказать, но по крайней мере стоки со всего города будут поданы на КОСы, а не будут выливаться за городом. Экономия средств - существенная, - сказал Сапар Сатаев»

В ходе прошлой недели Аким города Приозерск Сапар Сатаев посетил среднюю школу №1, где проинспектировал ход работы по замене кровли, промывку труб и общую подготовку к началу учебного года.

В ходе проверки руководству подрядной организации было сделано замечание о необходимости ускорения работ. Руководителю отдела образования было поручено взять на особый контроль исполнение по завершению ремонтных работ в назначен-

ный срок.

«Школа должна быть готова, к началу учебного года», - сказал Сапар Сатаев.

В целях усиления работы по вакцинации против инфекции COVID-19, волонтеры продолжают обходить дома и проводить индивидуальную разъяснительную работу с каждым жителем. Волонтеры встретились и провели беседу с жителями домов 5/2 по ул. Бауыржана Момышулы, по ул. Абая 3, 2, 3, 4 и 5, по улице Агыбай батыра, 2 и 2/2 по ул. Балхашская, по ул. Алаш. В ходе беседы была дана информация о строгом соблюдении карантинных требований и вакцинации против коронавируса.

Прививка - единственный способ защитить себя и своих близких! Также были распространены информационные листовки по защите от коронавирусной инфекции.

Пресс-служба акима города Приозерск





Мүгедектердің мүддесі үшін

Кедергісіз орта керек

## ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ШЕҢБЕРІНДЕ

Жуықта қоғамдық бақылау шеңберінде Приозерск қаласы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі кеңесшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков және әкімнің мүмкіндігі шектеулі азаматтар мәселелері

А.Д.Баймусаеваның Жеңіс бульвары көшесі 34-үйде орналасқан «Тюльпан» дүкені нысандарына бейімдеу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



Қоғамдық бақылау барысында нысан иелеріне мүгедектер үшін орнатылатын пандустардың мүмкіндігі шектеулі жандардың дүкенге кіріп, шығуына ыңғайлы және талапқа сай болуы, мүгедектердің арбамен көтерілуі барысында көмекке шақыру үшін арнайы қоңырауы қоңыраулар орнатылып, басқыштар мен пандустың көтерілер жеріне сары жолақтар сызылуы қажеттігі ескерілді. Сондай-ақ, пандустары жоқ нысандар иелеріне талапты орындаулары үшін мерзімді уақыт берілді.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ**

жөніндегі кеңесшілерімен бірге қалалық мүгедектер істері жөніндегі қалалық кеңестің комиссия мүшелері мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымның кедергісіз ортасын құру үшін жеке кәсіпкер М.Е.Черкашинаның иелігіндегі Б.Момышұлы көшесі 12/2-үйде орналасқан «Чер&ИКА» дүкені, жеке кәсіпкер Л.Е.Ибрагимованың Жеңіс бульвары көшесі 34-үйде орналасқан «Болашақ» дүкені, жеке кәсіпкер И.А.Григорьеваның Б.Момышұлы көшесі 12/2 орналасқан «Анастасия» дүкені және жеке кәсіпкер

**Қалада қандай жаңалық?**

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ БОЛЫП ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС-нің тариф және тарифтік сметасын бекітуге берген өтінімдерін қарастыру бойынша қаланы жылу энергиясымен жабдықтау, тарату желілері бойынша су беру және сарқынды суларды бұру қызметтеріне тариф пен тарифтік сметалардың жобасын бекітуге арналған өтінімді қарау жөніндегі қоғамдық тыңдау былғы жылғы 16-тамыз, дүйсенбі күні сағат 10-00-де Қарағанды облысы, Приозерск қаласындағы «Приозерск қаласының

туралы» Қарағанды облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021-жылғы 29-шілдедегі № 28-Қ қаулысының негізінде көпшілік тыңдауларға қатысушыларға қойылатын талаптарын қатаң санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, онлайн режимінде қатысты.

Онлайн түріндегі қоғамдық тыңдау өткізіліп болғаннан кейін, аталған ішараны өткізуге арнайы келген құрметті қонақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Данияр Ойратұлы Срымбетов,



«Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының» ғимаратындағы мәжіліс залында онлайн режимінде болып өтті. Тыңдауға мәслихат депутаттары, тұтынушылар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, табиғи монополиялар субъектілерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылды және «Қарағанды облысындағы шектеу және карантиндік шаралар туралы» «Қарағанды облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021-жылғы 10-шілдедегі № 23-Қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

«Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС-нің басшысы Сергей Васильевич Курец және осы мекеменің бас инженері Асылхан Нұртайұлы Салыковпен бірге қаламыздағы № 1 су қамалында, қаланы жылумен қамтамасыз ететін № 1 қазандықта және сарқынды суларды айдайтын мекемелерге ат басын тіреп, ол жерлердегі нысандардың ішкі-сыртқы жағдайымен қысқа дайындық жұмыстарымен танысты. Сондай-ақ, Данияр Ойратұлы қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевтың қабылдауында болып, арнайылап келген іссапар аясындағы маңызды жұмыстар туралы кеңесті.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

## ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНЫҢ ТҮГЕНДЕУ (ШАСПОРТТАУ) ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

13 тамызда қоғамдық бақылау шеңберінде әкімнің мүмкіндігі шектеулі азаматтар мәселелері жөніндегі кеңесшісі және мүгедектер істері жөніндегі қалалық кеңестің комиссия мүшелері мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымның кедергісіз ортасын құру үшін жеке кәсіпкер М.Е.Черкашинаның Б.Момышұлы көшесі 12/2 орналасқан. "Чер&ИКА" дүкені, ЖК Л.Е.Ибрагимованың Жеңіс бульвары көшесі 34 үйінде орналасқан "Болашақ" дүкені, ЖК И.А.Григорьеваның Б.Момышұлы көшесі 12/2 орналасқан «Анастасия» дүкені және ЖК А.Д.Баймусаеваның Жеңіс бульвары көшесі 34 үйде орналасқан "Тюльпан" дүкені объектілеріне бейімдеу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Тексеру барысында жұмыс тобы мүгедектерге арналған техникалық жағдайларды қамтамасыз етпеу фактілерін анықтады, атап айтқанда:

- пандус дүкендердегі ҚНЖЕ сәйкес келмейді;
- жоғарғы және төменгі деңгейлерде ескерту жолақтары жоқ;
- қызметкерлерді шақыру үшін қоңыраулар жоқ.

Осы жеке кәсіпкерлерге мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті қамтамасыз ету процестерін жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін негіз ретінде ұсынымдық сипаттағы материалдар ұсынылатын болады.



Анықталған бұзушылықтар жақын арада жойылатын болады.

Сондай-ақ, қаланың жеке кәсіпкерлеріне Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі "ММ қоғамдық бақылау аясында мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ба-

қылау жүргізу үшін әкімнің мүмкіндіктері шектеулі адамдар мәселелері жөніндегі кеңесшісімен және мүгедектер істері жөніндегі қалалық кеңестің комиссия мүшелерімен мемлекеттік мекемелер мен қалалық дүкендерді тұрақты негізде аралап жүретінін хабарлаймыз.

**Қала кәсіпкерлерінің назарына!**

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Заңы негізінде, тиісті объектілерде мүгедектер үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етпеу, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғатындығын қаперлеріңізге саламыз:

1.Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын:

1)мүгедектердің әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз етпеу;

2)мүгедектердің мәдени ойын-сауық іс-шараларына қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз етпеу;

3)жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оңалту саласындағы міндеттерді жұмыс берушінің сақтамауы түрінде жасалған бұзушылық –

лауазымды адамдарға – 50 АЕК (145 850 теңге), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 120 АЕК (350 040 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200 АЕК (583 400 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 400 АЕК (1 166 800 теңге) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2.Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік)

лауазымды адамдарға – 80 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 250 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 600 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3.Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді әлеуметтік оңалту түрлерімен қамтамасыз етпеу –

лауазымды адамдарға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Ф.Жамбылбаева,**  
**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман**

**Тіліміздің түлеуі**

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЗАҢ САЛАСЫНДА

Қазақстан Республикасының егеменді тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл.

Еліміздің егемендік алуына байланысты, бүгінгі таңда қазақ тілінің мәртебесі көтерілді. Сондықтан да ана тіліміздің қоғамдық өмірдің барлық саласында өз мәртебесіне сай орын алуы заңды құбылыс.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Сот ісін жүргізу тілі сотқа берілген құжаттардың берілуіне қарай жүргізіледі, әрбір азамат істі өзінің ана тілінде, немесе өзі білетін басқа тілде жүргізуді талап етуге құқылы және өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктермен жауап беру, өтініш білдіру, шағым жасау, іс материалдарымен танысу, сотта сөйлеу және кодексте белгіленген тәртіппен аудармашы-

ның қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі, сол сияқты онымен қамтамасыз етіледі.

Сот қызметкерлері білімдерін жетілдіріп, біліктіліктерін жетілдіру үшін арнайы жыл сайын іс шаралар өтеді. Қазақ тіліне деген құрмет көрсетіп, қазіргі жас-тарға үлгі болу негізгі міндет. Кез келген мемлекеттік орган сияқты Приозерск қалалық соты да мемлекеттік тіл саясатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары шеңберінде жүзеге асырып келеді.

Ана тілі әр ұлттың негізгі қасиетті белгісі, ұлттың жан дүниесі. Тіл тағдыры ұлт тағдыры, ұрпақ тағдыры.



**Байдрахман С.Б.,**  
**Приозерск қалалық соты**  
**бас маман**



# ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫ

Заман талабы

«Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі отудың көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек».

«Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл заман талабы».

**Н.Ә. Назарбаев**  
**«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»**

Елбасының «Үш тұғырлы тіл» жобасы ел болашағын баянды етуден туған, алысты көздеген мақсат. «Үш тұғырлы тіл» – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қойып, жарыстыру емес. Керісінше, бұл әр тілді өзіне лайықты орнымен қажетіне қарай лайықты пайдалану деген сөз. Мұнда мемлекеттік тілдің орны тіпті бөлек. Оған ешкімнің таласы жоқ. Үш тұғырлы тіл жобасын желеу етіп, мемлекеттік тілді ығыстыру мүлде дұрыс емес» - дейді. Осы сөздерді ойға түйген біз балабақшадағы жас сәбилердің тәрбиесіне үш тілділікті барынша кірістіруді болашақ алдындағы міндетіміз деп білеміз. Себебі еліміздің ертеңі болып саналатын жас ұрпақты дұрыс бағытта тәрбиелеп, олардың бойына бар жақсылықты сіңіру балабақшадан басталатыны бәрімізге мәлім.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да

айтылған сөздердің қайсында болмасын шындық бар. Бала тәрбиесі – зор адамгершілік, шыдамдылық, байсалдылық пен имандылықты талап етеді. Баланы тәрбиелеу тек ата-анаға ғана тән емес, қоғамның да тәрбиеге қосар үлесі зор. Бала отбасында тәрбие алып өсіп-өніп жетіледі де, ал қоғамда белгілі бір тұлға болып қалып-тасады. Кез келген ата-ана баласының жақсы тәрбиеленіп, өмір сүруіне ықпал жасайды. Ол үшін баланы шамалары жет-кенше мектепке дейінгі мекемеге яғни, балабақшаға беруге тырысады. Балабақшада арнайы білімдері бар мамандырылған тәрбиешілер жұмыс жасайды. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиенің айырмашылығы осында. Балабақшада балалар өз құрбы-құрдастарымен араласып, ойын ойнай алады. Ойын демекші, бала бақшада берілетін білім оқу-тәрбие үрдісі барлығы ойын арқылы жүзеге асады. Мұндай ойындар баланы жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Бастапқы этапта ағылшын тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан ұйымдастырылған оқу қызметінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына, міндетіне, жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы керек екендігі назарға алынған. Яғни ағылшын тілін меңгеру барысында ойын элементтерін қолдана отырып, құзыреттілік тапсырмалар арқылы баланың өздігінен дамуға, жетілуге қабылетті тұлғаны қалыптастыру.

«Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу – басты міндетіміз.

Бөбекжайымызда «Мектеп жасына дейінгі кезеңде тілдің үштұғырлылығын дамытудың шарттары» атты қалалық семинар өткізілді. Семинар барысында басты тақырып бойынша педагогтар презентация арқылы «Қоянда қонақта», «Жыл

мезгілдері» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін қорғап шықты. Жоспар бойынша «Дәстүрлі емес технологиялары дене шынықтыру сабағында қолдану»,



«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудағы ұтымды технологиялар» тақырыптарына шебер сыныптар, «Тіл патшалығы» атты лингвистикалық ойын, «Мақта қыз бен мысық» ертегісін үштілде сахналау ойдағыдай өткізілді. «Твистер» ойыны және «Энергоджайзер» тренингтар арқылы арқылы бөбекжай ұжымы өздерінің кәсіби шеберліктерін айқын көрсете білді.

Бүгінде осы үштілділікті қолдау, қолдану мақсатында біз, педагогтар өз үлесімізді қосуға, балаларға аталған жаңа талаптарға сай білім беруге бір кісідей ат салысамыз.

Тілдің негізгі құндылықтарын меңгерген ана тілінде және өзге тілде әлеуметтік мәдени қарым қатынасқа дайын, сөздік және сөздік емес құралдардың көмегімен қоршаған ортамен қарым қатынас жасауға қабылетті көп мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсатында бөбекжайымызда іс-шаралар, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізілді, шығармашылық жұмыстар, баядамалар оқылды. Атап өтетін болсақ «Тілашар» шығармашылық тобы ұйымдастырылды, орыс тілі мұғалімі «Үштілдік жаңа заман сұранысы» атты баяндамасымен бөлісті. Ал ағылшын тілі мұғалімі «Фонетикалық жаттығуларды қолданудың тиімділігі» тақырыбында шебер сыныптармен қатар «Food» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізілді. Бөбекжай басшысының

ұсынысымен тәрбиешілерге аптасына бір рет ағылшын тілінен қосымша сабақтар ұйымдастырылды. Бұл қосымша сабақтарға жеке жоспар түзіліп, сол жоспарға сай сабақтар жүргізілді. Осы сабақтар нәтижесі ретінде тәрбиешілер арасында «Тіл білгірі» сайысы өткізілді. Бұл сайыста тәрбиешілер ағылшын тілінен алған білімдерін ортаға салды.

Үштілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Біз елбасымыздың Үштілділік саясатын қол соға қолдаймыз. Үш тілділік – заманның талабы. Ұрпағымыз үшін, еліміздің болашағы үшін қажет. Ана тілі-ана сүтімен берілген туған тіліміз, сол ана тілін біліп өзге тілді меңгеру, біздің ойымызша еш артықшылығы жоқ.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл балалардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік,



дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынасы әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырылған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Біздің мақсатымыз – тілдердің үштұғырлығы идеясын әрбір бүлдіршінің жүрегіне ұялату.

**Э. Жұмилова,**  
**«Балбөбек» бөбекжайы**



қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабылетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді.

«Бала өмірге келмей жатып ананың құрсағында жатқаннан бастап тәрбиеленеді» деген, бала тәрбие-сіне байланысты айтылған сөздің астарында көп ой жатқаны рас. Кейбіреулер баланы өмірге келген күннен бастап, енді біреулері бір жастан бастап тәрбиелеуді дұрыс санайды. Осы

## Тілге құрмет – елге құрмет!



Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Оны білу мен құрметтеу біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Елбасы жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға бысты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90-жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің ас-қақтағаны, Бұл осы уақытқа дейін барлық мүм-

## АНА ТІЛІ – БАҒА ЖЕТПЕС ҚАЗЫНА!

кін болар оңды-солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі. «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ғ.Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуантатын жағдай.

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Оны білу мен құрметтеу біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау - өз халқының өткені мен бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын барған сайын кеңейтіп, оны шын мәнінде қоғамдық қарым-қатынас тілі ету бүгінгі күннің талабы екендігі баршаның білгені.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халық даналығы. Сонымен қатар, тілімізді құқықтық тұрғыдан бекіткен Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң және Президент Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бар. Осы заң актілері әрбір Қазақстан азаматы үшін бұлжытпай орындалуға тиісті құжат болып табылады. Біз қандай жағдайда да, қай кезде де өзге тілдердің дамуына еш нұқсан келтірмей, оларға деген мемлекеттік қолдау – қамқорлық аясын тіпті де тарылтпай отырып, қалай дегенде де Қазақстан Республикасы мемлекетінің негізін құраушы, ел-жер иесі қазақ халқының ұлттық тілі – қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің мүддесін мейлінше кен көздеуге маңыз береріміз белгілі. Бұл – әр қазақстандықтың қастерлі парызы. Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанғысыз екенін жан-тәнімізбен түсіне отырып, бүгінде «Тіл туралы» Заңның жүзеге асу барысын талқылауда басты назарды мемлекеттік тіл тағдырына аударарымыз анық. Өйткені қазақ тілі әлемдік мәдениеттің бөлінбес бір бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында ғана мемлекеттік мәртебені талап ете алады.

Өкінішке қарай, біздің Приозерск қаламызда әлі де мемлекеттік тіл талаптарының

орындалуына үстірт қарайтын мекемелер бар екендігін, ондай кемшіліктерді арагидік көзіміз шалып қалағыны жасырын емес. Мемлекеттік тіл жанашыры болғандықтан жүрген жеріміз жарнамалық және ескертпе қағаздарға көз сала жүреміз. Жұықта ғана қаладағы «Қазэнерго орталығына» барғанымызда есікке қыстырылған ескертпе қағаздағы жұмыс уақытының күн тәртібі туралы жазбаның әуелі орыс тілінде, сосын мемлекеттік тілде жазылғанын көзім шалып қалды. Бұл туралы қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының орынбасарына көргенім жайлы ескерттім. Ол кісі кеткен кемшілікті қалпына келтіру туралы жұмыс жасайтынын айтты. Мұндай олқылықтарды болдырмау үшін қатнаш шаралар қолданылып отыруы керек сияқты. Мұндай кемшіліктерге көз жұма қарауға болмайды, себебі бұндай олқылықтар өзгелерге де теріс ықпал етуі әбден мүмкін.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Төңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті өрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры баршамыздың қолымызда.


**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
**«Тіл жанашыры» сыйлығының лауреаты.**

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІ - ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ БАСТАР ЖОЛ

Латын әліпбиіне көшу–қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталуы кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ еліміз үшін әлдеқайда маңыздырақ. Осындай жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасы әлемдегі дамыған мемлекеттердің көшінен қалмау үшін және технологияның, білім мен ғылымның тілін жетік түсінуіміз үшін латын әліпбиін үйренуіміз керек, сол әліпбиде жазуға, оқуға қадам жасауымыз керек. Өйткені, біз латын әліпбиін үйрену арқылы әлем тілін түсіне аламыз. Бұл – заман талабы! «Елу жылда, ел жана», - дейді дана халқымыз. Заман талабына сай түрлі өзгерістер болып отыратыны хақ Қазақ халқының қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы өз заманында: «Тіл байлығы – елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелі, мөлшері» – деп тайға таңба басқандай анық та айқын көрсетіп берген болатын. Бұрынғы даналардан қалған: «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген сөз де бар.

Латын әліпбиі – әлемдік кеңістікке енгізілген апаратын жол! Латын әліпбиіне көшу – ұлт үшін қажетті мәселелердің бірі. Олай деуіміздің себебі, біріншіден, қазақтың дыбыстық жүйесін сол қалпында таңбалап бере алатын әліпбиді енгізу болса,

екіншіден, сол әліпбиі қоғам дамуына сай одан әрі жетілдіруге ілесіп, дами алу деңгейінде ескерілетін заңдылықтарды енгізу және қазақтың ұлттық жазуын, әліпбиін тұрақтандыруға, қазақ тілдік



қорды сол қалпында сақтап қалатын негізгі графиканы енгізуге бағытталады.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Латын әліпбиіне ауысу – заман талабы.

Латын әліпбиіне көшу-тіліміздің жаңғыруына жол ашады. Түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына түрткі болады.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу-ұлттымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасуға, қазақ 213 халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін, яғни латын әліпбиі түркі әлеміне бастар жол.

**П.С.Кенжебекова,**  
**«Приозерск қалалық кітапханасы»**  
**KMM-нің директоры**

### Ғасыр дертімен күрес

## СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жемқорлық - мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдары мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін оған ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтап, талдау жүргізіп, қоғамдық бақылауды күшейту қажет.

Сонымен қатар сот жүйесінің, анықтығы, ашықтығы болуы маңызды. Азаматтар мен ұйымдар ақпаратты заңмен тиым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алуға құқылы, ал соттар мұндай ақпараттарды заңға сәйкес ұсынуға міндетті. Соттардың жұмысы қоғамға түсінікті әрі қолжетімді болуға тиіс.

Сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық-сот жүйесінің алға жылжуын тежейді, бүкіл жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп әкелетін, сотқа деген сенімсіздікті тудыратын қатерлі құбылыс. Судьялар мен сот қызметкерлерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық факторларының алдын алу үшін шұғыл

шара қабылдау мақсатында, «Сенім телефоны», «Call центр» бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бұл азаматтардың өтініштеріне, ұсыныстарына, шағымдарына дер кезінде жауап беріп, тиісті әрекеттерді орындауға арналған. Судьялық корпус пен



сот қызметкерлерінің тарапынан құқық-бұзушылықтар туралы хабарламаларды алу үшін қосымша дерек көзі болып табылады.

Мемлекет игілігі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру бойынша шараларды қолдану арқылы тапсырмаларды орындау әр азамат және кез келген органдарға жүктелген міндет.

**Назар А.С.,**  
**Приозерск қалалық соты**  
**аға сот приставы**

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Ғасырлар бойы тіл мәртебесі сол тілде сөйлеп, өмір сүретін, өз тілінен сусындаған, сол тілде ұрпақтан-ұрпаққа мәдени-ғылыми ескерткіштер қалдырып отырған халықтың мәртебесі. Өрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау жұрнағына дейін өзіндік мәні бар киелі ұғым. Ұлтқа ана тілінен қымбат еш нәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сахара даласы, жусанды белдері, айдын шалқар көлдері, біресе қараңғы түнде қалғыған таулары, желсіз түндегі тынық айы, сайын даладағы жайбарақат өмір кешкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы, дархан мінезі айқын көрінеді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында, қазақ тілі енді ұлтаралық қатынас тіліне айналуға тиісті, соған біз келдік, соған қажеттілік туындап отырғанын жеткізді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп нақты көрсетілген. Қазақ тілі тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін әрбір азаматтардың тілі. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз баршамызға қажет деп санаймын. Елбасымыздың ана тілі туралы қарапайым айтқан мына сөздерін еске алсақ, «Тіліміз бар десек, тіліміз бар болады, ол бақытсыз десек, бақытсыз боламыз. Тілімізді батыл қолданадық, тіліміздің майын тамызбақ сөйлейік. Тілдің мәртебесін бірінші орынға қойсақ, тілдің

дамуына еш кедергі жоқ...» деп нақты мысалмен ашып айтты. Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тілдің маңызын көрсету, қолдану аясын кеңейту мақсатында мектебімізде жыл сайын арнайы қаншама іс-шаралар, байқаулар, сайыстар мен байқаулар өткізіледі. Бұл



өтізіліп жатқан іс-шаралар да, тілдің мәртебесін көтеруге септігін тигізеді хақ.

Олай болса, мемлекеттік тілді білу, оған құрметпен қарап, оны күнделікті өмірде қолдану тұрмыс-салтымыздың, мінез-құлқымыздың бөлінбес бөлігі болуы қажет. Барлық күш-жігерімізді, достығымызды нығайтуға жұмсау керектігі. Ұлтаралық бірлік – отандастарымыздың басты байлығы екендігін ұмытпауымыз керек. Тіл мен қарым-қатынас біріккенде ғана сыйластық, достық, адамгершілік пайда болады. Мемлекеттік тілді меңгеру елдің бірлігін білдіреді. Сонда ғана «тіл мәртебесі – ел мәртебесі» деп мақтанышпен айта аламыз.

**А.С.Шарипбаева,**  
**Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін метебі» KMM - нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

### Мировой опыт

## В КИТАЕ ПРИЗВАЛИ БОРОТЬСЯ С «ИЗБЫТОЧНЫМИ ДОХОДАМИ»

Председатель КНР Си Цзиньпин на заседании правительства заявил о борьбе с «избыточными доходами». Он призвал граждан страны и крупные компании «больше отдавать обществу», чтобы можно было обеспечить «всеобщее процветание», как того требует социализм.

«Всеобщее процветание — это процветание всех людей. Это материальная и духовная жизнь народа. Это не процветание отдельных немногих граждан и не всеобщая уравниловка», — цитируют СМИ лидера Китая.

По оценкам Credit Suisse, 1% самых богатых людей Китая владеют сейчас 31% всех богатств страны, что на 21% больше, чем десять лет назад. Как пишет «Коммерсант», тема «всеобщего процветания» в последнее время особенно активно поднимается китайскими властями на фоне ужесточения регулирования высокотехнологических компаний. Из-за новых мер акции китайских компаний, котирующихся за рубежом, демонстрируют значительные

падения, а совокупное состояние ведущих китайских бизнесменов, работающих в области высоких технологий, с конца июня сократилось на 87 млрд долларов.

Между тем государственное управление рыночного регулирования КНР уже готовит новый проект правил антимонопольного регулирования технологического



сектора, предусматривающий дальнейшее ужесточение требований к ИТ-компаниям.

По материалам <https://kapital.kz>

**Собственник: ИП Струментов А.В.**  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107  
**Справки по тел. +7-705-981-86-79** (Гл. редактор),  
**+7-702-604-02-60** (тех. редактор)  
**E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz**  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сағатбаева 15, Заказ № 33/729. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
**Подписной индекс - 65041**